

«Біз әлемді өзгерте аламыз»

Әлем дегеніміз не? Әлемді өзгертуге бола ма? Біз әлемді қалай өзгертеміз? Менің ойымша, әлем дегеніміз ол сенің ішкі жан дүниен. Әлемді өзгертпес бұрын өзіңнің ішкі жан дүниенді өзгерткенің жөн. Әр адамның өзінің ішкі әлемі болады. Өзіндік пікірі, көзқарасы.

Адам ішкі жан дүниесін жақсылыққа, қамқорлыққа, жақсы ойлауға үйретсе ғана мына әлемде өзгереді деп ойлаймын. Әрине бірден өзіңді, әлемді өзгерту мүмкін емес шығар. Барлығы өзіңе байланысты, өзіңді өзгерте қоймай, әлемге деген көзқарасыңды өзгерте аласың. Әлемді өзгерту үшін тек бір адамның өзгеруі әсерін бермейді. Мемлекетті басқару жүйесіне өзгерістер енгізу арқылы мемлекетті басқарып үлкен көлемде өзгеріс жасауға болады.

Әлемді өзгертуге болатын құндылықтар не болуы мүмкін? Махаббат, тәртіп, ақыл т.б құндылықтар көп, дегенмен мен ұсына алатын құндылық ақыл. Адам алдымен өзгенің өзгеруін көру өзіңе баса назар аударған жөн. «Әлемді өзгерткің келсе, алдымен өзіңнен баста»(М. Ганди).